

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

ДӘН



Бұл естелік-эссені бұдан кем дегенде бес жыл бұрын жазуым керек еді. Жазуға тиісті едім. Ойда жүрсе де, орайы келмеді. Енді жазылды. Ұстазым бұл жазбаны көре алмады. Өкінішті...

* * *

1969 жылғы шілде айының басында орта мектепті бітіргенім туралы ақжолтай аттестат қолыма тиді. Бұл мен үшін әрі қуанышты, әрі қимас сезімге толы шақ еді. Он жыл бірге оқып, құлын-тайдай тебіскен достармен қоштасып, ендігі өмір жолымен жан-жаққа ұшқан

құстардай самғап кете бермекпіз. Бәрі міз, кластас ұлдар, туған ауылымыз – Ақкиізтоғайдың шы ғыс беткейін жана малай ағатын Жем өзенінің өзіміз суына түсіп, құмына аунап үйренген жағалауына келіп, сырласып отырмыз. Біріміз Алматыға, біріміз Жамбылға, біріміз Атырауға, біріміз Ақтөбеге оқуға кетпекпіз. Ауылда қалып, еңбек жолын бас таймыз деген достарымыз да бар. Төрт шыны шарабымыз бар еді, соның үшеуін бөліп ішіп, біреуін сол жерде құмға көміп, белгі қалдырдық.

Содан кім екені есімде жоқ: «Бәріміз бір-бірімізбен күресіп шығалық, кім жеңер екен?» деген қызық ұсыныс болды. Он бес ұл күресті бастап кеттік. Күрес ке түспейтін Аманғали досымыз төреші болып, кім жеңгенін дауыстап айтып тұратын болды. Мақтанғаным емес, жақ сы күрестім. Аманғали: «Сен оқуға түседі екенсің», деп сәуегей-бата жасады. Күрестен соң бір-бірімізбен құшақтасып, қимай айырылысып, ауылға бет алдық. Ешкім үндемейді, әркім өз ойымен әуре. Жан-жаққа тарар алдында енді он жылдан соң осы жерге келіп, көміп кеткен шарабымызды тауып, бірге дәм тататын болып келістік.

Өмір жолы біздерді жан-жаққа бөліп әкете барды. Сол жолдардың бірі мені ұстазбен ұшырастырды.

* * *

– Қане, кім кіреді алғашқы топқа, бес бала кірсін, – деп бір апай ауызша емти ханға кірер жерде үрпиісіп тұрған біздерге қарап әмір бере дауыстады. «Қане, бол, тездетіндер», деп асықтырып барады. Ұлдар шегіншектеп, батылсыздау қимылдаған төрт қыз алға шықты. Бесінші болып кіруге мен қозғалдым. Ойлаған қулығым да бар, төрт қызға жиырма минуттан уақыт берілсе, маған бір сағаттай мерзім тимек. Дайындалуға жақсы мүмкіндік деп ойладым да, есікке жақындадым.

– «Тоқта, тоқтай тұр» деген дауыс естілді. Қарасам жасы отыз дарға иек артқан, (шашы сирей бастаған соң, маған солай көрінді), арқасында жасыл дорбасы бар бір жігіт маған қарай қолын сермеп, шауып келеді екен. Танымаймын, бірінші рет көруім. (Сол адам маған әлі жұмбақ).

Қасыма еңтіге жетіп: «Асықпа, кіргесін билетті бесінші болып суыр және оң жақтан санағанда бесінші билетті ал. Сонда бес аласың», деді ол маған қамқор үнмен жылыұшырай қарап. Не жауап айтқаным есімде жоқ, кіріп кеттім. Бірақ әлгі бейтаныс адам айтқандай, бесінші болып, оң жақтан бесінші жат қан билетті суырдым. Шапшаң көз жүгірт сем, алғашқы екі сұрағы ауызша екен де, қалған екеуі қазақ тілінен болып шықты. Төрт сұрақ.

Айналама енді көз салдым. Тақтаның алдында екі адам отыр. Бірі қара көзілдірік тағып, қара костюм киіп, галстугін тастай бай лаған орта жастан асқан кісі. Оң қолында темекісі, будақтатып тартып отыр. Түнерген түріне қарап, катал мұғалім-ау деп ойлап үлгердім. Екіншісі көзі жалт-жұлт еткен, шапшаң қозғалып, тез сөйлейтін, жаздық қысқа жең сары ала жейде киген жас жігіт. Айналасына жіті көз тастап қояды. –

– Көзілдірік, билет ал да, ана партаға отыр, – деп орта тұстағы бір партаны меңзеді. (Мен мектептен көзілдірік киюші едім).

Билетіме қарасам, бірінші сұрағым «Абайдың поэмалары» екен. Есімді енді жидым, сөйтсем жазатын қағаз да, қалам да алмаппын. Барлығы есік алдында қағаз қоржынымызды қақшып алған сақшыда қалыпты. Абыржып, шекемнен тер шығып кетті. Ойланып отырмын. Қиналғандікі болар, Абайдың үш поэмасының екеуінің аты есімде, біреуі есіме түсер емес. Шекеден тер одан әрі кетті. Қас қылғанда сеніп кірген төрт

қызымның біріншісі жауап бере алмай, жылап шығып кетіп еді, қалған үшеуі де бір-бірінің жолын қуып, жылап шығып жатты. Тер одан сайын кетті.

Осы кезде аудиторияға бір аппақ кісі кіріп келе жатты. Ақ костюм, аппақ көйлек, ақшыл галстук, ақ туфли, басында ақ шетен қалпақ, қолында сәнді таяқ. Тек қолындағысы қызылқоңыр портфель. «Сендер сынды тым қатал алып жатырсыңдар ғой, әлгі балалар жылап кетті», деді ол мұндағы екі кісіге қарап, даусын баппен созып. Сосын кеудесін шалқақ ұстаған күйі сырбаз қимылмен маған қарай бұрылды.

– Қарағым, қағаз-қаламың қайда? – деді ақырын сөйлеп.

– Есік алдында ұмытып кетіп пін, – дедім қысыла үн қатып.

Әлгі аппақ кісі портфелін асықпай ашты, одан екі-үш аппақ қағаз, төс қалтасынан қалам алып: «Мә, қарағым, ала ғой, менің қолым жеңіл», деді қамқор үнмен. Көңілім босап кеткендей болды. Бірақ Абайдың поэмасының аты есіме түспей отырғанын ойлап, дереу қайта қатайдым. Ғайыптан кірген аппақ кісі өзіне тән сәнмен асықпай басып, аудиториядан шығып бара жатты. (Бұл кісі белгілі ұстаз, ғылым докторы, профессор, мінезі мен әңгімесі студенттердің талай тол қынына таусылмас «жыр» болған Белгібай Шалабаев екенін кейін, студент кезімде білдім).

– Әй, көзілдірік, кел, отыр мұн да, – деді шалт қимылды жас жігіт. Кібіртіктеп, алдына келдім. Қара көзілдірікті кісі темекісін әлі будақтатып отыр. Бізбен шаруа сы жоқ секілді.

– Ал, Абайдың «Әзімнің әңгі месі» деген дастанынан басқа тағы қандай поэмалары бар, аттары қалай, баста, – деді ол. Менің ұмытып отырған поэмам осы болатын. Қалған екеуін жақсы білем, сайрай жөнелдім.

– Жә, болды, «Ескендірден» үзін ді оқы, – деді жауабымды шорт үзіп. Оқи жөнелдім. Тағы тоқтатты. Бірақ манағы реңі жылып келе жатқандай болды. Екінші сұрағыңа көш, деді сәл жымыып. Тағы да сайрай жөнелдім. Тоқ татты. Сауалы қысқа, нақ-нақ.

– Қайдан келдің?

– Ақкиізтоғайдан.

– Ол қайда?

– Алыста.

– Менің жауабыма мәз болып күлді. Сол кезде түсініп: «Гурьев облысында», дедім.

– Мұнда неге келдің?

– Ақын болғым келеді.

– Онан сайын мәз болды.

– Қане, өлеңің бар ма, оқы.

– Оқыдым.

– Тағы бар ма, оқы.

– Оқыдым.

– Мәке, мына баланың жауабына қанағаттандым, ақын болатын секілді. Сіздің қояр сұрағыңыз бар ма? Мен осы балаға бес қойғым келіп отыр.

Қара кісі темекісінің түтінін бір бұрқ еткізіп: «Менің сұрағым жоқ, қоям десең қоя бер», деді түнере сөйлеп. Сынақ қағазыма бес деген бағаны қойып, қолын түсіріп, қасындағы кісіге ұсынып еді, ол да қисая отырып, қолын сыр ғытып қоя салды. Кейін білдік қой, бұл ағай сол кездегі доцент, кейін профессор болған ғылым докторы, мінезі ауыр ұстазымыз Мархабат Томанов екен. Шығып бара жатырмын.

– Әй, көзілдірік, ауыл балалары алған бағасын жуып, арақ ішіп кетеді. Сен олай жасама, дұрыстап да йындал, күзде сені ауди ториядан көретін болайын, – деді ол мені есік алдында тоқтатып. Басымды изедім.

Ағамдай қамқор, әкемдей пейіл білдірген ұстаздың сөзі есімнен шыққан жоқ, барынша дайындалдым. Сәтін салып, оқуға түстім.

Оқуға түскесін, оным ды ауылға телеграмма салып хабар лағаным да бір қызық. Бас поштаның алдында не жазамын деп қиналып тұрғанымда, (ол кезде барлық жедел хат-хабар орысша жолданады ғой) бір ағай келіп: «Поступил в КазГУ», деп жазып берді. Ол телеграмманы оқып берген көрші апамыз: «Балаңыз қазақ училищесіне» оқуға түсіпті деп ата-анамнан сүйінші сұрап, көйлек киіпті. Оқуға түскесін Талдықорған облысындағы Жаркент өңірінде жүгері жинап, қара күзде Алматыға оралдық. Бір күні аудиториямызға баяғы ағамыз кіріп келе жатты. Әуелі өзін таныстырды, пәннің атын айтты. «Сендерге әдебиет теориясынан сабақ беремін, атым Рымғали, фамилиям Нұрғалиев», деді ол курс журналын ашып жатып. «Қане, танысалық», деп біздерді түгендей бастады. Менің фамилиям аталып, орнымнан тұрғанда: «Ә, түскен екенсің ғой, құтты болсын», деп маған ескі таныстарындай жылы жүзбен қарағанда, едәуір арқаланып, курстастарым қызыға қарап қалды.

Сол күннен бастап біздің Рым ғалитану сабағымыз да бас талды. Білім ді, білікті, шешен, өткір, байламды, кесімді, тапқыр, теңеушіл, талғампаз, тарпаң, сыншыл, сыршыл, жаңашыл, жарқын, ұғымпаз, ізденімпаз, аудитория ны ақылымен аузына қаратқан Рекең – Рымғали Нұрғалиұлы біздің курстың, біздің курстың ғана емес, бүкіл факультеттің, факультеттің ғана емес, бүкіл университеттің мақтанышы мен мадағына айналды. Біз Рекеңді әрқашан арқа тұтып, әрі ұстаз, әрі дос, әрі жолдас, тіпті рухани құрдас санадық. Реті келсе, сол кісіге еліктеуге ұмтылдық. Бұл жөнінен әрине, курстасымыз Тұрсынбек Баймолдаевқа жете алмадық.

Жатақханада дуылдап жатамыз. Рекең кейде ойда-жоқта бөлмемізге кіріп келетін. Үстінде су жаңа спорттық кос тюм. Біз абыр-сабыр боп қара шайымызды қамдап, оны ортаға алып қуанып, жарқылдап қаламыз. Қара шайға қанған соң Рекең: «Қане, Құныпия, домбыранды қолға ал», дейді жайраңдап. Жекеменшік әншіміз, курстасымыз Құқан Дәнештің «Сары бидайына» басады. (Қазіргі белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Құныпия Алпысбаев). «Сары бидай, сағындым, қалқам, дау сыңдыай», деп қайырғанда: «Шіркін, әннің төресі ғой, жалпы, халық әні деген түбі жоқ қазы намыз ғой», деп керемет әсерлі лекцияға түседі Рекең. Жазбасақ та, жадымызға түсіріп, жансарайымыз жаңғырып қалады.

Сосын біздерге өлең оқытады. Бірінші курсқа түскенде бәріміз ақын едік. Бір курста елу ақын бар. Жүмекен ақын айтқандай, әуелі ақын, сосын прозашы, сосын сыншы, сосын ғалым, сосын мұғалім боп бірте-бірте бөлініп, соныңда көп достарымыз ауылға ұстаз болып аттанып кетті. Рекең мінезі шапшаң болса да, өлең тыңдағанда пікірін бірден айта қоймайды. Ойын ишарамен білдіреді. Студент кезімізде факультеттің «Шағала» атты ұзындығы кейде 10-15 метрге дейін кететін қабырға газетін шығаруды өзімізге мәртебе санаушы едік. Онда да басшымыз Рекең. Түскен шығармаларды өзі қарап, талдайды, таразылайды, жақсы жағын айтып, үлгі көрсетеді.

«Шағаланың» беделі сондай мықты болды, оған тіпті сол кездегі атақты ақындар Қадыр мен Тұманбай, Мұқағали мен Сағи, Фариза мен Мұхтар ағалар да өлең беретін. Бір жолы Мұқағали келіп, оның «Алдымен көргенім аспан» деген атпен топтама өлеңдерін қабырға газетіне орналастырдық. Сонда Мұқанның риза болып, бәрімізді құшақтап, бауырына басқаны әлі көз алдымда. Мұны көрген Рекең: «Мұқа, біздің ұлдар сенің өлеңіңді әбден талдады, дұрыс талдады», деп, алып ақынның көңілін бір көтеріп тастағаны бар. «Мына Сейфитдиннің де өлеңдерін осы нөмірге салындар», деп тапсырма берген. «Адамның

жастық өмірі, өтер де кетер көктем ғой» деген екі жолы есімде қалыпты курстасымыз Сейфеш жырының. (Сейфитдин Сүт жанов кейін ақындықты тас тап, ғылым жолын қуды, қазір филология ғылымдарының докторы, профессор).

– Е, балалар, сендердің осы қара шайларың мен үшін балдай ғой, шіркін, мұның бағасын кейін білесіңдер, – деп тебірене сөйлеп, толғана сыр шертетін Рекең. «Қайран қымбат студенттік күндер-ай», деп ойға батқанда, жап-жас жігіттің осынау біз үшін жұмбақ сәтін түсіне алмай, әрі-сәрі болатынымыз бар еді. Сол сөздің мәні мен мазмұны жылдар өткен сайын тиген жерін күйдіріп бара жатқанда, ұстазымыздың көкірегінде сайраған саздың ерендігі мен тереңдігін енді бағамдап жүрміз.

Сосын ол ұлылардан бастау алатын небір қызықты да ғажа йып әңгімелерін жырдай етіп жеткізіп, жанымызды елітіп, әдебиет әлемінің терең тылсымына бойлап тартып әкететін. Ол сол кезде әлі отызға да жетпеген жігіт екен-ау. Ал бізге дүниенің бәрін көрген, кәрікұлақ қариядай болып та көрініп кететін реті бар еді. Көп білгесін, көп көргесін адамның санасы тез есейіп кетеді екен де, сол адам өз замандастарынан бұрын туған көнедей болып көрінетінін біз осы Рекеңнен көп байқадық. Қазір ойлап қарасам, Рекең бізге сол кездің өзінде-ақ әдебиет саласы бойынша ғылыми жетекшілік жасаған екен.

Ол бізге әдебиеттің алғашқы әліпбиін басқа қырынан танытты. Мектеп бағдарламасының аясындағы тар көкірек біртін-біртін керегесін кеңейтіп, кенересін толтырып келе жатты. Жанам деген жүректерге шоқ түсірді. Шабам деген азаматтарға ат мінгізді. Табам деген жандарға талмай қолын созды. Жазам дегендерге жаңылмас жол ұсынды. Сөз өнерінің дерті мен сертін осы кісіден көбірек бағамдадық.

Абыз Абайдан басталған әңгі месі ұлы Мұхаңа – Мұхтар Омарханұлына жалғасып, одан қала берді алыптар тобының қилы-қилы қызықтары мен бас тан кешкен тарихи сәттері туралы айтылған сырлары мен дерек-дәйектері әдебиеттің ауызашары секілді болып, біздің рухани-имани әлемімізді жақсы мен жаңаға үндеумен болыпты. Әдебиеттің тарихы мен тәлімін, тағылымы мен мәлімін жаңаша естуге, жаңаша қабылдауға ол кісінің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Сан толқын шәкірт оған үнемі еліктеумен болды. Есті еліктеу ертеңгі күннің есін жиғызады. Біз, бізден кейінгі толқын, тіпті бізден алдыңғы толқын, осы есті еліктеудің мектебін Рымғали мектебі деп айтар едік. Әдебиеттің алтын қазынасы – киелі сөздің құны мен пұлын анықтау ғой. Жылтырағанның бәрі алтын емес екенін, Абайдың айналасындағы ақындардың ұзан мектебінің үздік шәкірттерін, зар заман ақын дарының шығармаларындағы шындық пен сұм заманның сұрқай реализмі арасындағы бітіспес күрес пен көрінбес майданды да біз Рекең ұлағаттарынан ұғып, білдік.

Біз деген сөзді көп айта берсем, басқа лар да өкпелеуі мүмкін, жалпы Қазақ университетінің тіл-әдебиет және журналистика факультетінің барлық шәкірттері Рымғали мектебінің ортақ оқушысы болдық. Бұл тұрғыдан келгенде, Рекеңмен етене орайласқан оқшау топтың ішінде үнемі бірге бой көрсетумен болған, біздің курспен қанаттас оқыған журналистика факультетінің студенттері, қазіргі көрнекті ғалым, талмас талант Тұрсын Жұртбаев, белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтов, жанкешті журналист Жанболат Аупбаев және басқа қатарластардың ұстазға деген шәкірттік құрметін бірге сезініп өстік. Бұл жағынан келгенде ұстазымыз шын мәнінде бақытты адам. Лекцияларында шырқап, шығандап кететін Рекең кейде ол кезде аттары аталмайтын алаш ардагерлерінің де есім дерін шапшаң айтып жіберіп, әрқайсымыздың жүзімізге үңіліп, түсінгені қайсы, түсін - бегені қайсы, ұққаны қайсы, ұға алмағаны қайсы дегендей болып барлап, байқап қарайтын. Әуелгі кезде жүгіміз жеңіл болғандықтан

самғап тартқан саңлақ сөзгерге ілесе алмасақ, кейінгі жылдарда сол кезде санамызға сыналап кірген сәуенің себезгісін малданып, сөзге қамшы тастайтын болдық. Бірақ онымыз ұстаздан оздық дегеніміз емес, біз де қарауыз болып, қанат қаға бастадық, ол сіздің тәліміңіз деген шәкірттік пейіл-ді.

Рекеңнің лекция оқу мәнері де қызық болатын. Әуелі аудиторияға жалт-жұлт бір қарап алады. Сосын алдыңғы қатарда отырғандарға тіктеле бір қарайды. Кейде қабағын шытады. Сондай күндердің бірінде еңбекқор, сабақтан өмірі қалмайтын бір курстасымызға: «Сен өзің өмірі сабақтан қалмайды екенсің. Қашан көрсем де қақшыып алдымда отырасың. Студент болғасын, анда-санда лекциядан қашпайсың ба? Бұл не деген стандартты өмір, жас адам жаңылыспас па, бұйығы тірліктен қашпас па, осындайды ұнатпаймын», деп ұрсып тастады. Біз аңтаңбыз. Лекциядан қашпайтын адамға ұрысканы бізге өте қызық көрінді. Кейін түсінгеніміздей, ұстаз жан еркіндігін, ой еркіндігін, пікір қызулығын, сезім еркелігін бағалайды екен.

Мүмкін, бізге солай көрінетін де шығар, Рекең әсіресе, біздің курспен мықты дос болды. Жасына қарамай жат сынбай араласты. Өмірден өткенше бізден жаны жырақтап көрген жоқ. Қай-қай лекцияны да жаңылмай жазып, қалдырмай қақшып теретін курстасымыз Балтабайдың (қазіргі филология ғылымдарының док торы, профессор Балтабай Әбдіғазиұлы) лекция дәптерлерін жинап алып, өз айтқандарын өзі қайта сүзгіден өткізіп, әдеби-ғылыми еңбектерінде кеңінен пайдаланғанын жақсы білеміз. Ағып айтып тұрғанда, шабыты шырқап кеткенде туатын ойлары мен жаңа идеялары, жаңа сөз тіркестері мен тапқыр теңеулері сол лекциялардың негізінде әдебиеттің салмақты дүниесі болып, талай рет оқырманға жол тартты. Олар ғылыми орталарда аталып өтіп, ұстаздың бәсін көтерді, бағасын биіктетті.

Әдебиет – адамтанудың мектебі деген аксиома бар. Осы адамтану ғылымының даңғыл дәріскері Рымғали Нұрғалиұлы шәкірттанудың да әдіскері бола алды. Оның ғылыми болсын, әдеби болсын, дереги болсын жазғандарында жаңалық пен сонылыққа құштарлық тұнып тұратын. Әсіресе, қазақ драматургиясының поэтикасын талдағанда оның ұс танымдары мен тұжырымдары сол кездегі қазақ театр өнерінің көзі тірі майталмандарының шығар машылық портреттеріне жаңаша бояу жағып, көрермен көзі көңі ліне бітер еді. «Жұмат Шанин деген мықты режиссер, драматург болған, оның қазақ театр өне рін қалыптастырудағы еңбегі ұшантеңіз» деп әрқайсымыздың беті мізге жалтжұлт бір қарап өтеді.

Бұл есімді біз 1969 жылға дейін өмірі естімегенбіз. Оқулықтарды жапатармағай қарап жіберсек, оларда да жоқ. Тосылып қаламыз. Сосын біз де ұстаздың бетіне жалтақ-жалтақ қараймыз. Тез байқайды. Тез түсінеді. «Халық жауы, атылып кеткен», дейді сосын түнере тіл қатып. Санамызда сіресе жатталған «халық жауы» деген сөзді естігенде біз еш таң қалмаймыз. «Ол кісі базарға кеткен» деген сөз естігендей болып, лекцияны жаза береміз. Бақсақ, Рекең сол кезде-ақ біздің санамызға ең қажетті саяси ақпаратты ептеп сіңіріп жатыр екен. Әдебиеттің де тұнып тұрған саясат, шешуі қиын шырмауық екенін көгенкөздерге себездеп болса да сездіріп жатқан ұстаздың мұзбалақ мінезін жылдар өте келе жанжақты түсіндік қой.

1972 жылғы мамыр айында Рекең КазГУ-дың ғылыми кеңесінде әдебиет ғылымынан докторлық диссертация қорғады. Отыздан енді-енді асып бара жатқан шағы. Бұл жаста әдебиеттен док торлық қорғаған қазақ ол кезде жоқ. Керемет қор ғады. Пікірлері, ұсынған тұжы рымқа ғидалары сол кездегі ака демиктердің де айызын қандырды. Өзіміз қор

ғағандай бо лып, өзегіміз жанып, өбек теп отырмыз. Жарқырап қорғап, жа з бай танытып, жаңылмай мойындатып шықты.

Кейін докторлығын Мәскеу жаққа бекітуге жібергендегі шырғалаң өз алдына бір тар жол, тайғақ кешу болғаны әр шәкіртінің жүрегіне тікен болып қадалды. Рекең бұдан да өтті. Қиналған, шаршаған кездерінде жақсы шәкірттерінің шынайы жанашыр тілегіне сүйенді. Иілсе де сынған жоқ. Алаш арыстарының аласапыран тағдырын жетік білгендіктен де болар, ғылыми ортадағы басқа тиген бақай күрестің бақанын мойымай көтеріп, жүйкеге түскен жүкке жон ар қасын тоса алды. Кездесіп, сырласып қалған сәттерде ол туралы жақ аш қан емес. Біздің бет-әлпетіміздегі сауал мен жауаптың кезек құбылған реңін байқаса да, байқамаған болып, жаңа бір жолға түсіп, бауырын жаз ған жорғадай жүрісінен жаңылмастан өтті.

Оның қаламынан туған ғылыми монографиялар, зерттеу еңбектер, аудармалар мен көркем очерктер, сын мақалалар мен әдеби пайымдар, көркем проза мен драмалық шығармалар кәнігі зергердің қолынан шыққанын қапысыз танытып, көз сүйсінтіп, көңіл байытар дүниелердей ерекшеленіп тұратын. Жазудағы еркіндік пен ой ағысындағы ашықтық дерек пен дәйекке малынғанда шығарманың шұғыласы оқырманның жанын баурап, білгенін үстеп, білігін үстемелеп, авторлық позицияны оқырмандық позициямен біте қайнастырып, біріктіріп жіберетін. Бұл не сонда? Бұл – шеберлік, ав тор лық ремарканың белсенділігі, қалам герлік энергетиканың қуаты, жан дү ниесіндегі дидактикалық тегеуріннің молдығы. Рекең өзі де журналистік мектептің тезінен өтті. Солтүстік өңірлердегі суи бастаған ұлттық сезімнің мәйегін шай қап, мәнін оятудағы оның қаламынан туған көркем де көшелі мақалалар сол кезде қос саңлақтың көкірегінен туып, қазақ аспанын шарлап кеткен «Менің Қазақстаным» атты киелі марштың кіріспесі секілді болды деп баға берсек, артық айтқандық болмас. Ұлттың ұятын сақтаудағы, елдің еңсесін тіктеудегі, намысына от қоюдағы Рекең қаламы қай кезде де, қай ұрпақтың алдында да қызармайды. Қайта, ту ұстап, тұлпар мінген тарлан тарихтың шаң басқан беттерін қажырлы қуатпен, перзенттік махаббатпен қайта аршудағы оның ұмтылыстары кейін желтоқсанда жаңғырып, алаш жастарының алаңға шығуына септігін тигізді.

Рекең қазақ даласының қай қиырын да жақсы көрді, қазақтың қай баласын да шетке қақпай, бауырына тартты. Оған куә – біздер, біріміз Атыраудан, бірі міз Сырдан, біріміз Алтайдан, біріміз Арқадан, біріміз түстіктен, біріміз терістіктен, бі рақ ұранымыз: «Барлық қазақ баласы, бірігіңдер!» деген сөзге құйылды. Тек кейде, ұстазымыздың осы ұлағатты қасие тін тірі кезінде, жанында жүргенде жақсы сөзге орап жеткізе алмадық па деп өкінемін.

«Жаныңда жүр жақсы адам», деген журналистік қағиданы сан мәрте жалаулатып жазсақ та, тіпті жанымызда ғана емес, жан дүниемізде жүрген жанды көзі тірісінде жарқыратып жаза алмағанымыз рас. Өмірден озған кісіге «тие берсін ғана тиеді» деген тіркес бар. Дәтке қуаты осы.

...Бір жылы тілшілік тірлік пен Абай елін, Жидебай мен Шыңғыстауды, Мұханның кіндігі кесілген Қасқабұлақты, Де гелең мен Абыралыны, Рекеңнің туған ауылы Қайнарды араладым. Кейін талай рет жолым түссе де, алғашқы әсерім сол күйінде қалды. Жидебайда болған алғашқы уақытта ұстазымның есіме түскен әңгімесі, сыры мен жыры Шыңғыстау даласының самал желімен жан дүниеме тереңдей еніп, өзім де осы далада туғандай болып, артыма қарайқарай аттанып едім. Бір кездескенде осы сапарым туралы айтқанда: «Абыралыны ажал аузына байлады ғой», деп қатты мұңайып қалғаны бар-ды.

Қайнар ауылынан аттанып бара жатқандағы бір көрініс өмірі есімнен кетпейді. Қыр басында қаптаған құлпытастардың қарасы неткен мол еді. Қаз-қатар самсап тұр. Қолдарын жайып, құбылаға қарай ұмсынған тірі адамдар сияқты. Бір ауылдың өзінен осыншама көп құлпытастарды көргенім осы. Ажал сепкен, араны кең сынақ аймағының тапжылтпас куәгерлері осылар. Семей ядролық полигоны аталып, бүкіл бір халықтың тамырына талай жыл балта шапқан құбыжықты ауыздықтаған азаттыққа тізе бүгіп, тәу етсек болмас па?

Осы сапардан кейін Рекең маған осы жерде өткен қан-қасап соғыстан аман-есен шығып, жеңістің жақсы хабарын жеткізген жауынгер секілді болып көрінетін болды. Тән жарасы жоқ, бірақ жан жарасы сан алуан солдат секілді. Сырбай ақынның «соғыстан қайтқан солдаттары» сапында жанары жалт-жұлт етіп бір жауынгер кетіп бара жатқандай болады. «Ай қанатты арғымақ» секілді ақсамай тартып барады. «Трагедия табиғатын» өз басынан өткізген, «талант тағдырын» толық көрсеткен, қаламгерлік «күретамыры» туған елімен бірге жаралып, біте қайнасқан, «жартастағы қарағайдай» жай түссе де, жайрап қал маған, азаматтық қуаты арқылы «айдынға» шығып, алаш жұртының абыройына бөленген асыл ұстаз, ардакүрең азамат, аяулы аға Рымғали Нұрғали салған сүрлеу енді даңғылға, жағы босамас жамбылға айналды. Оны өзі де көріп, өкінбестей кетті деуге негіз бар.

Рекең қам жасап, Қайнар ауылынан ертерек кеткен. Онысы қандай жақсы болған. Осының арқасында аман қалып, кейінгі ұрпаққа дәріс беруге тағдыр жазды. Тура бір жасында 41-ші жылғы сұрапыл соғысты бастан кешкен, одан кейінгі ажал аймағындағы алапат соғыстардың кезінде хат таныған, мылтықсыз майданның кезінде кәнігі барлаушыдай көгенкөздердің көкірек көзін оятуға адал қызмет жасаған, тәуелсіздік жылдарында қаламгерлік қуатын барынша көрсеткен, ұстаздық ұлағатын ұрымтал сәттерде де қол мергендей қалтқысыз қағып жеткізетін, таңнан таңға дейінгі мігірсіз жүрістерде де іздену мен табудан бір елі ажырамайтын, түртіп қалса түбін табатын, тірі теңеудің түрін табатын, керек пікірдің жігін табатын, Толыбайдың да мінін табатын талант алыстағы Араб елінде ақтық сапарға аттанғанда алаш жұрты бір теңселіп еді. Шартараптағы шәкірттері бір шулап еді.

Ұстаздың әр шығармасы біздер үшін ыстық. Соның ішінде маған етене ұнап, ерекше әсер беретіні – «Дән» новеллалар жинағы. Рекең әрбір ісінде, әрбір шығармасында, әрбір ғылыми еңбегінде айтар сөзінің дәнін бірінші орынға қойған қаламгер болды. Дән деген нәрсе ұлы нәрсе, өмірдің дәні де, мәні де – оның тоқ етер түйінінен көрініп тұрады ғой. Сондықтан да Рымғали Нұрғали жанын мөлдіреткен жазбаларын «Дән» деп тегін атаған жоқ. Өмірдің дәнін жел шашар кебектен әуелден айырып, сындарлы суырған саңлақ. Алтын күзде басына толған дәнінен қара жерге қарай қошеметпен иілген алтын масақтың айдай сұлу көркі қандай керемет болса, ұстаздың шәкірттеріне, қайырлы қазақ жұртына деген қошеметі де сондай еді.

Ұстаз жүрегінен төгілген дән оның алдын көрген мыңдаған шәкірттерінің жүрегінде тамыр жайып көктеп, жапырағын уақыт желі тербеп жатыр. Ол қазақ ұлысының ұлы топырағына түскен дән еді. Ол дән – ырыс, ол дән – береке, ол дән – жаңа өмір. Демек, ұстаздың өмірі – қазағының жүрегінде. Дән егіп, терлеген қазағым мықты ғой!

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.